

Жер участкесіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 11 ақпандағы № 232 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 11 ақпанда № 9757 болып тіркелді

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18-бабына, 69 -бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес Қостанай қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыш бөлімі" мемлекеттік мекемесіне "Бокс мектебінің ғимаратына абаттандыру" объектісі бойынша инженерлік желілер мен тораптарды жүргізу мен пайдалану мақсатында, Қостанай қаласы Гашек көшесі 1/4 мекенжайы бойынша орналасқан, жалпы алаңы 0,2428 гектар жер участкесіне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыш бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Қостанай қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

K. Ахметов